



17-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ. 2-БӨЛІМ

Португалия музыкасы





Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Португалия музыкасы

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Дәрістің мақсаты: Португалиядағы музыкасының зерттеушісі, Лиссабон Жаңа университетінің жанындағы Этномузикатану институтының Президенті Сальва Эль Шаван Каштелу Бранко “музыка” ұғымдарына анықтама береді. Музыка ұғымдары - өзінше пайымдау үдерісі барысында мағына үстелетін идеологиялық тұрғыдан негізделген белгі құрылымдарға шолу жасаған. Осы тұрғыдан алғанда музыкалық ұғымдар болжалды түрде дәстүрлі және сан ғасырлық сұлбасы бар ұғымдармен сипатталатын тарихилыққа жат саламен шектелетін дүние емес, одан гөрі ұдайы қозғалыста болатын субъектив пайымдау үлгісіне баға беру.

Этномузикатануда, антропологияда, фольклорда, танымал музыка зерттеулерінде және сабақтас пәндерде ұғымдар жүйесі ісі әрдайым болып жататын пікірталас тақырыбына айналды. «Халық әні», фольклор, дәстүр, «жоғары» мәдениет, өнер, халық және танымал музыка секілді ұғымдарға анықтама беру мен сыни тұрғыдан талқылау пәндік салалық шектеулердің негізінен келіп шығып жатады. Соңғы кездерге дейін репертуарларды «шығармашылық» немесе «классикалық», халықтық және танымал музыка деп топшалайтын үш жақты көзқарас ғылыми және публицистикалық тұрғыдан кеңінен қолданылып келді.

Музыкалық репертуарлар жіктелетін идеологиялық негіздер мен өлшемшарттарға сыни тұрғыдан қарай отырып (ауылдық немесе қалалық шығу тегіне, әлеуметтік тап, ауызша немесе жазбаша жеткізу, музыканы ұжымдық негізде бөлісу немесе музыкалық әмбебаптық), көптеген ғалымдар халық музыкасы ұғымын және үш жақты парадигманы (шығармашылық, халықтық және танымал музыка) кез келген аяда, әсіресе Еуропа мен Солтүстік Америкадан тысқары жатқан, музыкалық стильдер мен жанрлар түрлі өлшемшарттарға сәйкес жіктелетін аядағы аналитикалық құрал ретінде қолдану түсінігінің кемшін тұстарын көрсетіп берді. Біздің пәндік саламыздың өзгеріске ұшыраған табиғаты технология мен жаһандандудың әсерімен айқындалған атаулар мен сол атауларды білдіретін мағына арасында жалпыланған «әдетте түпкі негізінде жатқан болжамдар мен идеологияларды тануға қабілетсіз тым қатқыл айқындаулар», Мидлтон көрсетіп бергендей, музыканы категориялау мәселесін қайта қарауға шақырады. Біз бірнеше міндетті атқара алар едік. Біріншіден, ХХІ ғасырдағы музыка әлемін сипаттайтын үдерістерді талдауға лайықты ете отырып, ескі тұжырымдамаларды қайта анықтау. Екіншіден, қазіргі музыка өндірісін сипаттайтын көптеген үдерістерді білдіретін жаңа тұжырымдамаларды ұсына алар едік. Үшіншіден, Чарльз Сигер, Ричард Мидлтон және басқа да ғалымдармен бірлесе үн қата отырып, музыканы әртүрлі тәжірибе тұжырымдамаларды олармен бірге мәдени өндірістің біртұтас сферасы ретінде ұсына алар едік және жергілікті, ұлттық һәм жаһандық деңгейдегі мәдени өндіріс пен технология, саясат және әлеуметтік институттар арасындағы байланыс желісін түсінуге көмектесе алатын аналитикалық құралдарды жасап шыға алар едік. Төртіншіден, музыканы категориялау саясаты мен дискурстық өзгерістерін дұрыс түсінуге ұмтылыс жасай алар едік, оның пәндік құрылым мен этномузикатану тәжірибесіне әсерін зерттеп білер едік. Дәл осы соңғы тармақта осы тарауда тоқталамын, өйткені категориялау саясатын түсіне отырып, әртүрлілік пен билік тарихи тұрғыдан мойындалатын әрі тарихнамалық тұрғыдан музыка арқылы мойындалатын әдістердің бірін теориялай алар едік.

Қазіргі Португалиядағы ұлтшылдық пен мәдениет саясатына қатысты этнографиялық және тарихи зерттеулерге сүйене отырып, осы тарауда төмендегідей мәселелер қарастырылады: Дискурстық тұрғыдан музыкалық категориялар қалай тұжырымдалады? Олар қалай және кіммен мағыналарды айқындайды? Қалай және неліктен бұл мағыналар өзгереді? Осы өзгерістерге кім түрткі болады және неліктен? Музыкалық категориялау музыка дискурсы мен оны саудалау әдісіне қалай әсер етеді? Категориялау арқылы әртүрлілік пен билік қалай мойындалады және қолданылады?

Португалиядағы этнография, музыкалық дискурс және ұлт құрылысы саясаты

Енді мен жоғарыда жайып салған мәселелерді талқылауға кірісем, өйткені олар Португалияға қатысты. Португал қоғамы мен мәдениетіне зор ықпал еткен саяси түбегейлі өзгерістермен есте қалған үш түрлі жекелеген кезеңге назар аудартады. Алғашқы кезең ХІХ ғасырдың ортасынан ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне дейін жалғасады. Бұдан ары тоталитар жүйеге жеткізген, 1933 жылы Антонио де Оливейра Салазар басшылығындағы Estado Novo (жаңа мемлекет) деген атау алған топалаң кезеңі келді де қырық жылдан астам уақыт жалғасып революция аяқталған 1974 жылға дейін өмір сүрді. Демократиялық басқаруға жататын үшінші кезең 1974 жылдан қазіргі кезге дейін, ХХІ ғасырдың екінші онжылдығына дейінгі уақытты алып жатыр.

Музыкалық категориялар мен ұлт конструкциясы: Португал тілінде қабылдау, орындаушылық, ауылдық жерлердегі мәнерлі мәдениетті жинақтау мен зерттеу жұмыстары “povo” (халық) (жалпақ тілде



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Португалия музыкасы

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

халықтық деп аударылатын ұғымнан), сонымен бірге «cultura popular» (сөзбе-сөз аудармасы халықтық мәдениет; cultura popular (халықтық мәдениет) португал тілінде ағылшын тіліндегі халықтық мәдениет ұғымы басқа да латын тілдеріндегідей бірдей мағына бермейді және үшінші ұғым “folklore” (фольклор) дифиницияларына негізделеді. XIX ғасырдан бастап ғылыми дискурста және оның сыртында кең ауқымда қолданылған бұл көпмағыналы тұжырымдаманы алуан түрлі субъектілері әртүрлі мағынада сипаттап келді және ұлтшылдық идеологиямен, тоталитарлы билікке қарсы саяси оппозициямен, жергілікті және аумақтық саясатпен және музыкалық өнімдердің маркетингімен байланысты болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында романтизм мен ұлтшыл қозғалыстар аясында cultura popular сол кезде пайда болған этнография, филология және музыкалық фольклор салаларының зерттеу нысанына айналды. Ол әндерді, поэзияны, би мен ілкі өнімдерді, сонымен қатар материалдық және материалдық емес мәдениеттің басқа да көріністерін қамтыды. Осы кезеңде зиялы мен әлеуметтік ақсүйектер, әсіресе буржуазия “cultura popular” деп атаған дүниеден немесе көбірек фольклордан, жалпақ тілмен айтқанда ауыл тұрғындарының дәстүрлі және айрықша мұрасы ретінде тұжырымдала отырып, ұжымдық рухпен тұтастыққа жеткен дүниелерден ұлт тамырын іздеуге кірісті.

1910 жылы республикалық тәртіп орнаған кезде жазушы Афонсо Лопес Виейра «қайта португалиялану» деп атаған науқанды қолға ала алды, музыка, сурет өнері, сәулет және әдебиет салаларынан және ауылдық үлгілерден шабыт ала отырып, «модерн өнерін» туғызды. Расында, cultura popular ұғымына жататын ауыл мәдениеті жайлы «оңтайлы білім» негізінде елдің қайта Португалиялану ғұмыры келте болған, демократиялық тәртіптің іргетасының бірі болды.

Estado Novo кезеңі барысында мұндай шаралар ауыл әлемі жайлы стильдік түсінікті паш ететін, бұған қоса байырғы халықтар мен ауыл мұрасына негізделген құрлықтық ұлттық бірегейлік қалыптастыруға ұмтылыс жолындағы бұрынғы португал отарлары мен Португалия империясының этникалық әртүрлілігін қамтитын шетелдік артефактілерін паш ететін. Алғашқы отарлық экспозиция (Exposição Colonial Portuguesa) 1934 жылы Портеде болып өтті. Мұның артынан 1936 жылы Лиссабондағы Халық өнері көрмесі ұйымдастырылды, мұның шырқау шегі 1940 жылы ұйымдастырылған Португал әлемінің экспозициясы (Exposição do Mundo Português) болды, бұл көрме Португалияның тарихи мұрасын, христиан сенімін, отарлық империя мен ауылдық мұраны әспеттеді.

XIX ғасырдың соңғы онжылдықтарынан 1930 жылдарға дейін cultura popular қала ақсүйектері мен буржуазиялық ортаның сауығының бір бөлшегі ретінде қызмет етіп келді. Сауық кештерінде және қоғамдық шараларда ауылдық көріністерден шабыт алған костюмдер киетін әрі ауыл-аймақтан жинақталған, 1850-1900 жылдар аралығында бірнеше ән кітапшаларында қағида есебінде сипат алып баспадан шыққан бірнеше фортепианодағы әндердің лайықтамасын орындайтын. Үш томдық әуен мен фортепиано үшін 600-ден аса үйлесімді лайықтама жинақталған Cancioneiro de Músicas Populares Лиссабон мен Португал залдарында әуесқой музыканттардың өнер көрсетуіне арналған болатын, әрбір ән ақсүйек немесе буржуазиялық әлеуметтік ортадан шыққан әйелге арналатын. Композитор әрі музыка оқытушысы Сезар дас Немес пен журналист Гуальдино Кампос құрастырған бұл бағалы басылым Португалияда XIX ғасырда танымал болған, сонымен қатар, Еуропаның басқа бөліктері мен португал тілдес әлемдегі (Лиссабон фадосы, бразилиялық лундум мен модинья және Гао мандо туындылары) ауылдық және қалалық жанрларды қамтыды. Осылайша бұған дейін ауылдық меншік ретінде бағыт ұстанған “música popular” ұғымын кеңейтті.

Música popular түсінігі XIX ғасырдың ортасынан бастап академиялық және журналистік дискурстың бір бөлшегі болды және бірнеше мағыналарға ие болды. Ол ауыл аймақтың да музыкасына, қалалық танымал музыкаға да қатысты болды. XIX ғасыр жинақтарындағы música popular-ға үстелген бұдан да ауқымды мағыналардың өмірі ұзақ болмады. XX ғасырдың алғашқы жартысында көптеген коллекционерлер “música popular” терминін ауыл музыкасын сипаттау үшін қолданды, олар оны дәстүршілдік ұстаныммен теңестірді. 1960 және 1970 жылдары үнемі португалдық (portuguesa) немесе Португал (Portuguese) классификаторы қосымшасы үстеліп келген música popular ішінара ауылдық музыка стильдерінен шабыт алған жаңа эклектик қала музыкасын білдірді. Саяси белсенді музыканттардан құралған және өнер көрсеткен Хосе Афонсо, Адриано Коррея де Оливейра және Хосе Марио Бранко секілді тұлғалардың репертуары тоталитар билікке қарсы тұрудың орталығына айналды.

Música popular, povo және cultura popular тұжырымдамасынан бас тартуда көркем өнер маңызды рөл атқаратын ұлт құрылысы аясында қарастырған жөн. 1974 жылдан соң cultura popular революциядан кейін жұмысшы табын символикалық тұрғыдан өзіне тарта алғандықтан, povo және música popular секілді түсініктермен үйлесім табатын революция идеалдарын нығайту үшін қолданылды. Португалдық música



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Португалия музыкасы

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

popular калалық музыканы жандандырған топтарды да білдірді, олар тоталитар тәртіптің фольклорлық үлгілерден ерекшеленетін ауыл аймақтық музыка түсінігін көрсететін жаңа сұлбаны ұсынды. Бұл топтардың кейбірі әлем музыкасының жаһандық желісіне және кельт музыкасына бірікті.

1990 жылдары música popular тағы да жұмсара түсті де халық музыкасы шығармаларының алуан түрлілігін білдіруге қолданылды. Сонымен бірге música popular таңба ретінде барынша таза дәстүрлі саналатын ауылдық жерлерде шоғырланған дәстүрлі музыкамен алмастырды. Сонымен бірге «фольклор» термині тек қана фольклорлық өкілдікке және онымен байланысты әлеуметтік тәжірибелерде қолданылды.

«Рух саясаты» және мәдени айрықша құбылыстарды (1933–1974) категориялау

Estado Novo (жаңа мемлекет) деген атпен танымал тоталитарлы жүйе 1933 жылы құрылды және қырық жылдан астам уақыт өмір сүрді. Режимнің Política do espírito («Рух саясаты» немесе мәдениеттегі саясатты білдіретін ұғым) деген атау алған мәдениет саясатын 1933 жылдан 1949 жылға дейін Secretariado de Propaganda Nacional (SPN; Ұлттық насихат хатшылар алқасы) басқарған журналист әрі жазушы Антонио Ферро қалыптастырды. Бұл үкіметтік құрылым Салазар режимінің Португалия мен шетелдегі насихат пен мәдени саясатын қалыптастырды әрі жүзеге асырды. Ол сонымен қоса 1941 жылдан 1949 жылға дейін Португал мемлекеттік радиосын басқарды, бұл радио 1934 жылы құрылған сәтінен бастап режимнің идеологиясын насихаттауға бағытталған еді.

Режимнің идеологиялық іргетасына, атап айтқанда, ұлтшылдыққа, католик дініне, билікке, ауылдық пен дәстүршілдікке табан тіреген Política do Espírito ең әуелі режим идеологиясына негізделген ұлттық бірегейлікті қалыптастыруды мақсат етті. Бұл саясат Estado Novo-ның корпоративті құрылымына интеграцияланған мемлекеттік институттардың желісі арқылы жүзеге аса отырып экспрессивті мәдениет үстінен мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету, эстетикалық мүдделерді айқындау, құру, қарқынды (экспрессивті әрекеттер (expressive behavior) мен мәдени қайраткерлікті реттеу мен бақылау, режимді, идеологияны, мәдени өнімдер мен саяси насихаты (халықты саяси ағарту ретінде тұжырымдалған) үшін экспрессивті мәдениетті құрал ететін мәнерлі әрекеттерді дайындауды және мәтіндер мен өнер көрсетуді цензурадан өткізе отырып, мәдени өнімдерді бақылау, музыканттар мен олардың сахнада өнер көрсетуін, іс-шараларды лицензиялауды атқарып келді.

Мәдени феномендерді категориялау Estado Novo-ның мәдениет саласында стратегиялар құруына және оны жүзеге асыруына негіз ретінде қызмет етті де, мемлекеттік құрылымдар мен цензуралық агенттіктер оны экспрессивті әрекеттерді бақылау механизмі ретінде өте тиімді пайдаланды. Alta cultura (жоғары мәдениет), cultura popular (танымал мәдениет) және espectáculos (жалпақ тілмен айтқанда, орындаушылық (performance)) арасында концептуалды және бағдарламалық айырмашылық жасалды. Alta cultura өнер мен ғылымды қамтыды және зиялылардың ортасы болды. Cultura popular қоғамдық идеологияға қайшы келмейтін деңгейде болу шартымен ауыл мен қала аудандарындағы экспрессив мәдениетті жаюды жүзеге асыратын әдіс ретінде кең тараған ұғым болды. Еңбек ризашылығы ұлттық қорының (жұмысшылардың бос уақытын тиімді өткізуге көмектесетін үкімет органы) анықтамасы бойынша povo (фольк) ұғымына «тек өндіріс саласының жұмысшылары ғана емес, барша кәсіп иелері кіреді... басшылары әртүрлі кәсіпке кепілдік берген тұрақты отбасыларынан құралады». Басқа өлшемшарттардың болмауынан povo-ның анықтамасында білім маңызды элемент ретінде көрсетілді: «Біз povo ретінде жоғары білімнің игіліктерін ала алмаған барша ерлерді немесе өздігінен білім жетілдіруші ретінде сол деңгейге жете алмағандарды қарастыра аламыз» .

FNAT-тың көзқарасы бойынша povo мен cultura popular арасындағы байланыс тікелей, бұл дегеніміз cultura popular «povo-дан шығады және соның айналасында тарайды» дегенді білдіреді. Cultura popular кең тараған көзқарас бойынша ұлттық бірегейліктің ең басты элементі саналатын, модернитизмнің қаупінен қорғалуы тиіс көрінетін ауылдық жерлердегі дәстүрлі һәм аутентикалы мәдениетпен айрықша түрде байланыстырылды.

II Дүниежүзілік соғысқа дейін Салазара режимі фодоға қатысты екіұдай, тіпті дұшпандық позиция ұстанды, өйткені әуел бастан таксономиясы мен мәдениетті дамытудағы бас жоспарынан оны тысқары қалдырған болатын. 1945 жылдан кейін фадоның әлеуетін насихат ретінде мойындаған соң, үкімет ұстанымын өзгертті және фодо халық музыкасы патшалығына енді де, саңção nacional (ұлттық ән) ретінде саяси тәртіптің популистік имиджін ілгерілетуге қолданылды. II Дүниежүзілік соғыстан кейінгі Португалияда үкіметтің басты назары мен ресурстары реттеуге, ілгерілетуге, мониторинг пен саяси және идеологиялық доктринаға иландыру үшін cultura popular жайлы түсінікті құрал ретінде пайдалануға



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Португалия музыкасы

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

бағытталды. Espectáculo (перформанс) түсінігі орындаушылық пен өнер көрсету орталық мазмұнға ауқымы кең сфераларды айқындау үшін Estado Novo-ның әмбебап реттеуші, цензуралық және насихат желісіне қызмет етті, олардың ішінде театр, кино, бұқа төбелесі (bullfighting) мен футбол осы салалардың бірнешеуі ғана.

Фольклор

XX ғасырдың соңғы ширегінен бастап «фольклор» ұғымы кейде ауылдық жерлермен, аутенттілік пен ілкі заманмен байланысты ауызша түрде берілетін шежіре айту дәстүрін де cultura popular-мен байланыста қолданылды.

1930 жылдардан бастап бұл ұғым Estado Novo құрылымдаған фольклорлану моделімен байланыста қарастырыла бастады. Салазардың ұлт құрылысы жобасында фольклорлық өкілдіктің идеологиялық иландыру құралы мен ұлт құбылысын өкілеттендіруде код ретінде пайдаланылды, бұл ішкі де, сыртқы да қолданысқа арналған еді. Ресми түрде ranchos folclóricos (ранчос фольклорикос) ретінде айқындалып құрылымдалған топтар ауылдық аудандардың (freguesia), муниципалитеттердің (concelho) немесе шет аймақтардың (provincia) музыка үзінділерін, би мен сахына киімдерін репрезентациялау үшін құрылды. Осы үдеріс аясында нақты аймақтармен байланысты жанрлар, стильдер мен репертуарлар сұлбалары қалыптасты. Мысалы, құрлықтық Португалияның көптеген басқа да өңірлеріне дәл сол немесе басқа да ерекшеліктерімен таралғанына қарамастан вира би жанры толықтай дерлік солтүстік-батыс Минхо аймағымен ұқсас бола бастады. Дәл солай үкімет құрылымдары мен олардың жергілікті өкілдіктері ерлерден құралған хор тобымен екі бөлікті полифониялық ән айтудың стилі ретінде Португалияның оңтүстігіндегі оңтүстік Алентежо өңірінде дамытты. Олар полифониялық ән шырқау дәстүрінен әйелдерді ысырып тастады, онымен шектелмей, осы өңірде гүлденіп келе жатқан көптеген басқа жанрлардан да әйелдерді тысқары қалдырды.

Фольклор туындыларын өндіру үшін оның үлгілері қалай бапталды және жүзеге асырылды? Фольклор түсінігіне қандай мағыналар үстелді? Салазар режиміне қарсы оппозиция Estado Novo-ның «ресми» фольклорына қалай қарсылық білдірді? Революциядан кейін фольклор қозғалысының траекториясы қандай болды?

Антрополог Антонио Медейрос режимді қайта құру тәсілі ретінде фольклорды реттеу үдерісі 1934 жылы Ұлттық насихат бюросы (Secretariado Nacional de Propaganda) ұйымдастырған Алғашқы Португал отарлық экспозициясы аясында басталғанын көрсетіп берген еді. Бұл көрме 1931 жылы Парижде өткен Халықаралық Отарлық Экспозициясына еліктей отырып жасалған еді, оған Португалия қатысқан болатын. Көрмеде ауылдық Португалия мен оның жекелеген африкалық отарларының мәдени үлгілерінің алғашқы модернленген және стильдік бояуы қалыпты сипат тапқан үлгісі шығармашылық форматта паш етілді. Арнайы осы мақсатта жобаланған «этнографиялық шеруде»(cortejo etnográfico) музыка, би, сахына киімдері, қолөнер мен осы шаралар үшін Португалияға арнайы африка отарларынан әкелінген байырғы халықтар өнері көрсетілді. Дәл осы формат алты жылдан соң 1140 жылы ұлттың қалыптасуынан бергі 100 жылдығын атап өту мен 1640 жылы 60 жылға созылған Испания үстемдігінен егемендігін қайта алудың құрметіне ұйымдастырылған «Португал әлемінің экспозициясы» (Exposição do Mundo Português) атты ауқымды мерейтой аясында қолданылды.

Қысқасы, алғашқы Португал отарлық экспозициясы аясында Насихат бюросы модерн және дәстүрлі элементтерді үйлестіре отырып, отарлау идеологиясымен суарылған бағыт сілтеуші тәсілдер мен соған сәйкес белгілерге негізделген дискурсты өмірге әкелу мүмкіндіктерін ұсынды. Осы шеңбермен бірге фольклор жасау ісі сұлбалардың негізгі құрамы қалыптаса бастады және ауыл мұрасы қағидаттары ұлттың негізгі тұғырларының бірі ретінде қолданысқа енді.

Міне, бүгінгі дәрісте қарастырылған дәстүрлі музыканың негізгі заңдылықтары және олардың Португалия музыкасындағы тәжірибесі бізді де ойландыру керектігін айтқым келеді. Қазіргі елімізде мәдени саясат пен дәстүрлі өнерді қолдау мәселесі көңіл көншітпейтіні аян. БАҚ басым бөлігі мазмұны ұлттық ата-бабаларымыздың өнерін насихаттауға бағытталмай отырғаны қынжылтады. Дәстүрлі өнерді қолдаудың ұлттық бағдарламасы жасалуы керектігі жылдар бойы көтерілгенімен баяғы жартас сол жартас Дәстүрлі музыкалық бейнениң (немесе керісінше, музыкалық фольклордың әдеби әдібі) ғылымда дербес бағыт болып есептелгенімен, оның бүгінгі таңдағы жай-күйі жан-жақты нақытылы түрде бағамдалғанда ғана айқындалмақ.



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Португалия музыкасы

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Дәріс бойынша қосымша ресурстар:

1. Каштелу-Бранку «Мәдени саясат», кітапта SE-S. (ред.), Enciclopedia da Musica em Portugal без Seculo XX, Лиссабон
2. Nettle B. (1978) 'Тегерандағы парсы классикалық музыкасы кітапта е', Қаланың сегіз музыка мәдениеті: Дәстүр және Өзгеріс, Урбана
3. C. и G. de Campos (1893-8) Cancioneiro de musicas populares, 3 томдық, Порту
4. Pestana M. do R. (2000) 'Vozes da Terra: Folclorizagao em Manhousse, 1938-2000 ', магистерлік диссертация, Университет
5. Аппадурай А. (1996) Жалпы қазіргі заман: Жаһандандудың мәдени аспектілері, Миннеаполис
6. Бранко Дж. Ф. және Л. Т. Оливейра (1993) Ao encontro do Povo: I. Миссао, Оэйрас
7. Каштелу-Бранку, SE-S. (ed.) (2010) Enciclopedia da Musica em Portugal без Seculo XX, 4 томдық, Лиссабон
8. Cesar CAJ және A. Tilly (2010) « RTP da sangao фестивалі», кітапта SE-S. Каштело-Бранку (ред.), Enciclopedia da Musica em Portugal без Seculo XX, Лиссабон
9. Corte-Real M. de SJ (2000) «1960-ші және 1980-ші жылдардағы диктатурадан демократияға өту кезеңіндегі Лиссабонда мәдени саясат пен музыкалық көрініс», докторлық диссертация, Колумбия университеті
10. Эль-Шаван [Каштелу-Бранку], С. (1980) «Каир, Мысырдағы Аль-Мусика Аль-Арабияның әлеуметтік-саяси аясы: саясат, демеушілік, мекемелер және 1927-1977 музыкалық өзгерістер», Азиаттық музыка
11. Аль-Мусика Аль-Арабия: 1927–1977 жж. Каир, Мысырда қалалық музыка ұғымы», Докторлық диссертация, Колумбия университеті,
12. Gelbart M. (2007) «Халық музыкасы» мен «Көркем музыканы» ойлап табу:Оссианнан Вагнерге дейінгі жаңа категориялар, Кембридж университетінің баспасы
13. Скотт А. (2008) «Қозғалыстағы категориялар: музыкалық дүкеннің ішінде өтетін гитаралық сабақтардың әмбебаптық көптікті қолдану, Этномузыкалогия